

Кімге: ҚР ІІМ Қызылорда облысы бойынша полиция департаментіне.
Автордың аты-жөні мен лауазымы: Рустемов Бағбан Ғабитұлы.
Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихат аппаратының
ұйымдастыру бөлімінің бас маманы
Орындаған күні: 08.11.2024 жыл

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Қызылорда облысы бойынша орын алып жатқан құқықбұзушылықтар туралы

Кілт сөздер: Қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы.

Кіріспе: Құқық бұзушылық — қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Атап айтқанда;

Қылмыстық құқық — қылмыстылықты және қоғамдық қатынастар жүйесіне қауіпті іс-әрекет үшін қолданылатын жазаны айқындайтын - заң нормаларының жиынтығынан тұратын, құқық саласы. Сондай-ақ құқықтың тиісті саласын зерделейтін ғылым мен оқу пәні де қылмыстық құқық болып табылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ кодекстерінде ашық айқындалған.

Негізгі бөлім: Қызылорда облысы бойынша осы кезеңге дейін қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша заң бұзушылықтар жалғасын табуда.

Қызылорда облысы бойынша қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы жалпы мәліметтерді қарастыратын болсақ, соңғы жылдары өңірде бірнеше қылмыстық құқықбұзушылық түрлері тіркелген. Бұл категорияларға мыналар кіреді:

1. *Ұрлық және алаяқтық*: Ұрлық қылмыстары мен алаяқтықтар өңірде жиі кездесетін қылмыстар қатарына кіреді. Әсіресе, тұрмыстық және коммерциялық алаяқтықтар көп байқалады.

2. *Жол-көлік оқиғалары*: Қызылорда облысында жол-көлік оқиғалары да маңызды мәселе болып табылады, кейде бұл оқиғалар адам өліміне немесе ауыр жарақаттармен аяқталады.

3. *Нашақорлық және есірткі бизнесі*: Қызылорда облысы — есірткі трафигі мен таралуының белгілі бір деңгейде байқалатын аймақтарының бірі. Сондықтан есірткімен байланысты құқықбұзушылықтар да жиі тіркеледі.

4. *Қару және оқ-дәрі заңсыз айналымы*: Қару-жарақ пен оқ-дәрілердің заңсыз айналымы бойынша да құқықбұзушылықтар орын алуы мүмкін.

Облыста құқық қорғау органдары осы мәселелерге қарсы күрес жүргізіп, құқықбұзушылықтарды азайту мақсатында әртүрлі алдын алу шараларын қабылдайды.

Қылмыстық құқықбұзушылықтардың статистикасы ай сайын өзгеріп отырады, сондықтан нақты және актуалды мәліметтерді жергілікті құқық қорғау органдарынан немесе ресми статистикадан алуға болады.

Қызылорда облысы бойынша 2023 жылдық атқарылған шаралар туралы Қылмыс пен құқықбұзушылықты азайту, олардың алдын алу — бүгінгі күні қоғам алдында тұрған міндеттердің бірі. Бұл мақсатта өңірдің тәртіп сақшыларымен атқарылған нәтижелі шаралары туралы.

Жалпы, бүгінгі күні өңірімізде криминогенді және саяси-қоғамдық ахуал тұрақты.

Қабылданған шаралардың нәтижесімен жалпы тіркелген қылмыстар 6 пайызға төмендеді. Сондай-ақ, қоғамдық орында, көшеде, топпен, қару қолдану арқылы жасалған қылмыстар саны азайды.

Ауыр және аса ауыр, ауырлығы орташа және онша ауыр емес қылмыстардың, пәтер ұрлығы, мал ұрлығының ашылу көрсеткіші жақсарды.

Жыл басынан облыс көлемінде қылмыстардың тіркелуі азайды (2778-ден 2614-ке).

Қазақстан Республикасы ІІМ-мен бекітілген нормативтік құқықтық актілер мен нұсқауларға сәйкес, есепте тұрған тұлғаларға қатысты рецидив қылмыстарының алдын алу бағытындағы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, тиісті қызмет салаларымен бірлескен түрде қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында «Құқықтық тәртіп», «Бродяга», «Түнгі қала», «Бұзақы» атты жедел профилактикалық іс-шаралары жүргізіліп келеді.

Жүргізілген жедел жұмыстардың нәтижесінде облыс көлемінде орын алған аса ауыр қылмыстар ашылды. Мәселен, 21.10.2023 жылы Қызылорда қаласында орналасқан дәмханалардың бірінің алдында 27 жастағы қала тұрғыны белгісіз үшкір затпен дене жарақатын алып, облыстық аурухананың жансақтау бөліміне түскен. Аталған дерек бойынша ҚР ҚК-нің 99-бабының 2-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп – тексеру әрекеттері жүргізілді. Жедел іздестіру барысында аса ауыр қылмыс жасаған 22 жастағы күдікті анықталып, қамауға алынды.

Қазақстан Республикасы ІІМ-мен қабылданған «Мүлікті қорғау жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламасының» жоспар тармақтарын іске асыру мақсатында қылмыспен күресте тиімділікті арттыруға бағытталған шаралар қабылдануда.

Нәтижесінде есепті мерзімде облыс көлемінде жалпы ұрлықтың тіркелуі -14,8 пайызға төмендесе (972-ден 828-ге), оның ішінде мал ұрлықтары-46,6 пайызға (118-ден 63-ке), ұялы телефон ұрлықтары -19 пайызға (205-тен 166-ға), қалта ұрлықтары -75 пайызға (36-дан 9-ға), автокөлікті заңсыз айдап әкету -31,8 пайызға (22-ден 15-ке) төмендеді.

Есепті мерзімде пәтер ұрлығының ашылуы +2,3 пайызға жоғарыласа (44,8-ден 47-ге), мал ұрлықтары +32,7 пайызға (58,7-ден 91,4-ке), ұялы телефон ұрлықтары +33 пайызға (42,9-дан 75,9-ға), қалта ұрлықтары +49,5 пайызға (8,8-ден 58,3-ке), автокөлікті заңсыз айдап әкету +19 пайызға жақсарды (66,7-ден 58,7-ге).

Ұрлық жасағаны үшін 354 тұлға, мал ұрлықтарын жасағаны үшін 30 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылып, оларға қатысты 432 іс сотқа жолданған.

Құрықталған қылмыскерлер арасында мал ұрлығымен айналысқан 6 қылмыстық топ, пәтер ұрлығымен айналысқан бір қылмыстық топ бар.

Өткен жылдар санатындағы ұрлықтардың 22 дерегі, мал ұрлығының 2 дерегі және автокөлікті заңсыз айдап әкетудің бір дерегі ашылып, қылмыстық істерге түпкілікті шешім қабылданған.

Тергеп-тексеру нәтижесімен анықталғаны ұрлық жасаған қылмыскерлердің басым бөлігі жұмыссыздар мен бұрын сотты болғандар.

Осы ретте, қылмысқа бейім тұлғаларды қалыпты өмірге қайта бейімдеу мақсатында жергілікті әкімдіктер, пробация қызметі, жұмыспен қамту орталықтары, денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарымен бірлесіп, профилактикалық жұмыстар үздіксіз атқарылуда.

Мал ұрлықтарының алдын алу мақсатында учаскелік полиция инспекторларымен белгіленбеген орындарда қараусыз жүрген мал иелеріне қатысты 1064 әкімшілік шара көрілген.

Ветеринария қызметкерлерімен бірлесіп атқарылған рейдтік іс-шаралар нәтижесінде жалпы 218 әкімшілік құқықбұзушылық анықталды, оның 94 дерегі мал немесе ет өнімдерін құжатсыз тасымалдау деректері. Қала, аудан орталықтарында орналасқан мал базарлармен онда келетін күре жолдарда, сондай-ақ ет сату орындарында жүйелі түрде рейдтік іс-шаралар жалғасуда.

Бөтен мүлік ұрлықтарының алдын алу мақсатында жыл басынан бері бірнеше мәрте жедел профилактикалық іс - шаралар өткізілуде, оның ішінде «Пәтер», «Мал ұрысы», «Автокөлік», «Қару» және т.б. кешенді іс-шаралар бар.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында облыс әкімінің төрағалығымен өткен ведомствоаралық комиссия отырысында бөтен мүлік ұрлықтарының алдын алу мақсатындағы өзекті мәселелер қаралып, тиісті ұсыныстар атап көрсетілді.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы облыс тұрғындарын қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау мақсатында сақтық шаралары туралы мақалалар, бейнероликтер әзірленіп жүйелі түрде жариялануда.

Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалған қылмыстардың алдын-алу, ашу бағытындағы жұмыстар жалғасуда.

Есепті мерзімде облыс бойынша тонау қылмысының тіркелуі өткен жылмен салыстырғанда 12,5 пайызға (40-тан 35-ке) дейін азайған.

Тіркелген 33 тонау қылмысы кезекші тәулікте ашылған, оның 19-ы ауыр және 14-і орта дәрежелі қылмыстар.

Сонымен бірге, тонаудың ашылуы 88,9-дан

93,9 пайызға дейін жақсарған. Тонау қылмысын жасағаны үшін 33 тұлға ұсталып, 28 қылмыстық іске шешім қабылданды. Қарақшылық қылмысының 2 дерегі тіркеліп, өткен жылғы, 2021 жылғы бір қарақшылық қылмысы ашылды, қылмыс 100 пайызға ашылған. Қарақшылықпен айналысқан 4 тұлға ұсталып, қамауға алынды.

Алаяқтық қылмысының тіркелуі 609-дан 549-ға азайған және қылмыстың ашылуы 71,7-ден 89,1 пайызға дейін жоғарылаған. Алаяқтық қылмысымен 219 тұлға ұсталып, 393 қылмыстық іске шешім қабылданған. Облыс көлемінде 89 қылмыскерге іздеу жарияланып, оның 55-і ұсталған. Қалған қылмыскерлерді ұстау бағытында жедел жұмыстар ұйымдастырылып, бағыт-бағдар берілді. Есепті мерзімде 108 хабар-ошарсыз кеткендердің

62-нің жүрген жерлері анықталып, үйлеріне қайтарылды.

Жыл басынан 579 алаяқтық қылмысы тіркеліп, оның 171-і интернет алаяқтық қылмыстарына жатады. Интернет алаяқтық қылмысының алдын алу мақсатында ауқымды жедел шаралар атқарылған. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы облыстың тұрғындарына түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, алаяқтардың арбауына түсіп қалмау жайлы сақтық шаралары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен бірге, орын алған интернет алаяқтық қылмыстарды ашу мақсатында жедел жұмыстар атқарылып, күдікті тұлғалар анықталды. Мысал ретінде 2022-2023 жылдары аралығында Whatsapp және Telegram әлеуметтік желілерінде жәбірленушілерге өзінің танысының атын жамылып, алаяқтық қылмысын жасаған 22 жастағы қала тұрғыны анықталды. Тергеу барысында аталған азаматтың 21 қылмыстық іске қатыстылығы анықталып, сотқа жолданған (шығын көлемі 11 млн теңгені құрады), нәтижесінде күдіктіге қатысты 3,5 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Қызылорда облысының әкімдігімен Полиция департаменті арасында «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын» іске асыру шеңберінде есірткінің (синтетиканың) қауіпті түрлеріне сұранысты қысқартуға және таралу арналарының жолын кесуге, есірткіге тәуелділікті, оның ішінде жастар мен жасөспірімдер арасында ерте сатыда анықтауға, есірткі тұтынушылардың шынайы есебін қалыптастыруға, материалдық-техникалық жарақтандыруға жүйелі шараларды іске асыру мақсатында біршама профилактикалық іс-шаралар жүзеге асырылды.

Департаментпен тұрғындардың нашақорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастыру мақсатында 391 профилактикалық іс-шара өткізілді.

Профилактикалық жұмыстарды нығайту мақсатында қала, аудан жасөспірімдері арасында есірткі заттарының алдын алу үгіт-насихат

жұмыстары жүргізіліп, оған кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі қызметкерлері, оқушы, ата-аналар мен оқытушылар қауымы қатысты. Жалпы ұйымдастырылған барлық іс-шараларға 63 мың 344 адам қатысты.

Есепті мерзімде 211 есірткі қылмысы тіркелген (оның ішінде өсіру 63, өткізу 20, аса ірі көлемде сақтау 21, жарнамалау 1, теріс қылық 106).

Биыл 108 гр. «мефедрон», «ПиВиПи» синтетикалық есірткі заты тәркіленді. Заңсыз айналымнан 2 тонна 280 кг. есірткі заты алынған, оның ішінде 92 кг. марихуана тәркіленді. Есірткі қылмысын жасағаны үшін барлығы 154 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Аktуалды проблемалардың бірі – отбасы тұрмыстық қатынастар саласында жасалған қылмыстар (46,2%, 13-тен 19-ға өскен). Есепті мерзімде жанұя жанжалын шығарған 624(28,4%, 2022 - 486) құқық бұзушының мінез құлқына ерекше талап орнатылып, 2110(2,1%, 2022 - 2066) қорғау нұсқамасы шығарылды.

Зардап шеккен 18 отбасы (18 әйел, 61 бала) дағдарыс орталығына орналастырылды (барлығы 3: «Жан», «Ана үйі», «Қамқорлық»).

Әйелдерге қарсы жасалған 60 қылмыстық әрекет тіркелді. Қылмыстарға жол бермеуге бағытталған «Тұрмыс», «Қадағалау», «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ»,

«Профилактика апталығы», «Квадрат» профилактикалық шаралары ұйымдастырылды.

Келесі өзекті мәселелердің бірі – жасөспірімдер арасындағы қылмыстылық. Ағымдағы жылы олармен жасалған 54 қылмыс тіркеліп, 68 жасөспірім қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде, 23 мектеп оқушысы, 38 колледж студенті, 7-уі жұмыссыздар. 7427 құқық бұзушы ішкі істер органдарына жеткізілсе, оның ішінде түнгі уақытта заңды өкілінсіз тұрғын жайдан тыс жерде жүрген 5663 кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Рейдтік шаралар барысында түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол берген 131 кәсіпкер, жасөспірімге алкоголь өнімін сатқаны үшін 10 сатушы анықталды.

Полиция есебіне 175 жасөспірім, 119 қолайсыз отбасы алынды. Алдын алу мақсатында «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар», «Бала-Заң-Қауіпсіздік», «Мектеп», «Маргинал», «Құқықтық тәртіп» профилактикалық іс-шаралары мен «Мен және менің полицейім», «Абайлаңыз балалар» атты акциялары өткізілді.


Бүгінгі күні елімізде жаңа технологиялардың қарқынды дамуы, заманауи полицияны құруды көздейді. Осы ретте Полиция қызметін цифрландыру басты назарында. Жол ережесін қасақана бұзатын қауіпті жүргізушіні анықтау мақсатында Қызылорда қаласында орналасқан жылдамдық өлшегіш құрылғылары (5-«Интегра», 1-«Мираж», 20-«Аркан», 10-«Екін Patrol G2») мен зияткерлік қиылыстар (5) «МегаКам Қорғау» мобильді бағдарламасына қосылып, штаттық режимде жұмыс жасауда.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында облыс көлемінде білім беру ұйымдарының 7 639 бейне камералары Жедел басқару орталығы мен полиция бөліністеріне қосылған. Оларды 100 пайыз қосу жұмыстары жалғасын табуда.

Ағымдағы жылдың 9 айындағы профилактикалық жұмыстар нәтижесінде құқық бұзушылықтар 6 пайызға төмендесе, бөтен мүлікті ұрлау – 27,7%, мал ұрлығы – 68%, алаяқтық – 1%, бұзақылық қылмыстарының тіркелуі – 9,9%, қоғамдық орында жасалған қылмыстар – 9,8%, көшеде жасалған қылмыс – 4,1%, жасөспірімдердің қатысуымен – 14,3% және қарумен жасалған қылмыс саны 41,7 пайызға азайды. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Жыл басынан жол-көлік оқиғаларынан қайтыс болған адамдардың саны 15,6 пайызға төмендегенімен, жол апаттары 39,1 пайызға, одан жарақат алғандар 41,6 пайызға өскен. Талдау барысында жол-көлік оқиғаларының өсуінің басты себебінің бірі – жол қозғалысына қатысушылардың тәртіп сақтамауынан болып отыр. Жол апатының өсуінің тағы бір себебі Қызылорда – Ақтөбе (566 км) бағытында тәулігіне 9 мың автокөлік жүріп өтетін республикалық маңызы бар тасжолы 2-категориялы болса, соңғы бес жылда тіркелген көлік құралдарының санының өсуі де болып отыр. Жол апатының алдын алу бағытында республикалық маңызы бар тасжолдың қауіпті аймақтарына түннің қараңғы уақытында жүргізушілердің назарын аудару мақсатында алты жарқылдауық маяк, 9 жерге “Әкетай асықпа”, “Құрметті жүргізуші! Жылдамдықты шамадан тыс асырма” мәтінінде пано, 7 жерге бейнекамералардың және 10 қызметтік автокөлік макеттерінің муляжы орнатылса, 7 аудан тұсына екі жылдамдықты автоматты түрде тіркейтін өлшегіш құралын орнату жоспарлануда. Есепті мерзімде жол ережелерін бұзудың 163795 дерегі анықталса, оның 72 мыңға жуығы жол-апатына тікелей әсер ететін өрескел құқық бұзушылық. Жол қауіпсіздігі саласында 1 млрд 870 млн 982 мың теңге айыппұл салынып, 87 пайызы өндірілді. Бүгінгі күні республикалық маңызы бар тасжолында үй жануарларының қатысуымен 99 жол – көлік оқиғасы тіркеліп, салдарынан екі адам қаза болып, 14 адам әртүрлі дене жарақаттарын алған. Полиция департаментінің штаты бойынша облыс көлемінде 262 учаскелік инспектор мен олардың 56 көмекшісі бар. Олармен қоғамдық тәртіп пен қылмыстардың алдын алу бағытында “Есептегі адам”, “Тұрмыс”, “Квадрат”, “Көрші бақылауы”, “Учаске”, “Зорлық-зомбылықсыз қоғам”, “Пробация”, “Құқықтық тәртіп” жедел-профилактикалық іс-шаралары және “Аула ішінде қабылдау” акциясы өткізіліп келеді. Нәтижесінде “мүлдем төзбеушілік қағидатын” қалыптастыру мақсатында азаматтардың құқықтық сана-сезіміне селкеу түсіретін және қоғамдық тәртіптің бұзылуына тікелей әсер ететін есепті мерзімде барлығы 27 294 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, оларға қатысты тиісті әкімшілік шаралар көрілді. Оның ішінде ұсақ бұзақылық – 715, алкогольдік ішімдіктерді ішу

немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу – 5700, тыныштық бұзу – 3312, ортақ пайдаланылатын орындарды ластау – 3177, белгіленген уақыттан кейін алкоголь өнімдерін сатудың 114 дерегі анықталды. Жасөспірімдермен жасалған қылмыстар 14,3 пайызға төмендеген. Алдын алу бағытында тұрақты түрде “Түнгі қаладағы балалар”, “Жасөспірім”, “Қауіпсіз мектеп” жедел-профилактикалық шаралары және “Абайлаңыз балалар” акциялары өткізілсе, күнделікті “Түнгі қала”, “Квадрат” рейдтері жүргізілуде және бүгіннен бастап 2 қарашаға дейін “Демалыс” профилактикалық іс – шарасы басталды. Профилактикалық шараларды күшейту нәтижесінде 8212 құқық бұзушылық анықталып, қаңғыбастық пен кезбелікке салынған 249 жасөспірім бейімдеу орталығына орналастырылды. Түнгі уақытта (сағат 22:00-ден кейін) заңды өкілінсіз ойын-сауық және тұрғын жайдан тыс (сағат 23:00-ден кейін) жүрген 5996 жасөспірімнің ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Міндеттерін орындамаған 555 ата-анаға әкімшілік хаттамалар толтырылды. Кәмелетке толмағанның түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол берген 149 кәсіпкер, оларға темекі бұйымдарын сатқан 14 дүкен иелеріне әкімшілік хаттамалар ресімделді. 187 жасөспірім және 119 міндеттерін орындамаған ата-ана полицияның есебіне алынды. Есепті мерзімде 72 жасөспірімнің мопед, скутер басқарғандары анықталып, олардың ата-аналарына қатысты ӘҚБТК-нің 620-бабы бойынша әкімшілік хаттамалар ресімделген. Бұл бағытта білім басқармасымен бірлесіп, барлық білім беру орталығында “Қозғалыстың жас инспекторлары” жасағын құрып, (45 мектепте 10 оқушы құралған), олармен оқушылар арасында жол қозғалысы ережелерін түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

1-диаграмма. Қылмыстық құқық бұзушылықтар картасы



Өңірлік бөліністе қылмыскерлердің басым бөлігі Алматы облысында (2,4 мың адам) екендігі анықталған. Сондай-ақ антилидерлер үштігіне Алматы (2,3 мың адам) және Нұр-Сұлтан (1,7 мың адам) қалалары кіреді.


Қылмыскерлердің ең азы Қызылорда облысында тіркелген: 436 адам, бір жыл бұрын 466 адам болған.

Қылмыскерлер санының көбеюі бойынша Солтүстік Қазақстан облысы (10,9%-ке өскен), азаюы бойынша Жамбыл облысы (15,2%-ке кеміген) алда келеді.

Қылмыскерлердің 79,2% немесе 15,8 мыңы – жұмыссыздар. Олардың саны бір жылда 3,3%-ке қысқарған. Ал қалған 1,4 мың тәртіп бұзушы – жұмысшы, 381-і – мемлекеттік қызметкер, 339 адам – білім алушы, 261 адам – жеке кәсіпкер екені белгілі болды.

№	Облыс	Тіркелген қылмыстар		
		2023	2024	%
1	Қызылорда	2614	2415	92.39

2-диаграмма. Қылмыстың динамикасы




2023-2024 жылдар кезеңінде Қызылорда облысы бойынша қылмыстың орын алу бойынша, осы кезеңде төмендегенін байқап отырмыз.

Қорытынды: Полиция қызметінің жоғарыда көрсетілген нәтижелеріне сүйене отырып, қылмыстың орын алуына жақсы деңгейде жұмыстар жүргізіп жатқанын көрсетеді.

Облыстың қоғамдық тәртіптің сақталуына негізделуі керек.

3-диаграмма. Қылмыстық құқық бұзушылықтар картасы



Ұсыныстар: Осылайша, жоғарыда көрсетілген тармақтарды ескере отырып, келесідей ұсыныстар ұсынылады:

1. Қызылорда облысы бойынша қылмыс деңгейін азайтуға тиісті жұмыстар жүргізу.

2. Құқық бұзушылықтың алдын-алу, қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, тиісті шаралар қабылдау.

Белгіленген шаралар құқықбұзушылықтың алдын-алуға ықпал ете отырып, тиісті шаралар қабылдауда барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздер/әдебиеттер:

1. Қызылорда облысы бойынша полиция департаментінің ресми сайты - <https://polisia.kz/>.
2. Әділет ақпараттық жүйесі - <https://adilet.zan.kz/rus>
3. ҚР қылмыстық және қылмыстық-процестік кодексі.
4. ҚР Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің порталы. <https://gis.kgp.kz/>.